

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Қуралай» жекеменшік балабақшасы				
Топ/сынып	<b>Ортаңғы топ</b>				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	Балдаурен				
Балалардың жасы	<b>3 жасар балалар</b>				
Педагогтің аты-жөні	Сергазина Нургуль				
Жоспардың құрылуда көзені (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	<b>27.02-03.03.2023ж.</b>				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сарсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<b>Жұма</b>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Ата-аналардың мазалап жүрген сұраптарына жауап беру.				

<b>әңгімелесу, кеңес беру</b>					
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарап және тағы басқа әрекеттер)</b>	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды тамақ ішер кезде, табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктеріне ынталандыру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды балабақшадағы ойын бұрышындағы кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды топ бөлмесінде реттілікті сақтау; ойыншықтарды, құрылымдарын өздігінен орнына жинау, оларды сындырмауға дағдыландыру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларға өздерінің еңбегі туралы әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б.. естеріне салып отыру.
<b>Ойын жаттығулар</b> Мақсат-міндеттер. Альбомдар мен сюжеттік суреттерді қарастыру. <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b>  <b>"Мозаика", "Құрастырыш" ойындары.</b>	<b>"Ою саламыз" саусақ жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды	<b>"Ол не?"</b> дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың бір-бірінен үлкен-кішілігін анықтай білуді үйрету. Матрешканың бөлшектеу және құрастыру, кіші матрешканы үлкен	<b>"Мозаика", "Құрастырыш" ойындары.</b> Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. <b>(тәнімдышқ дағдылар)</b>	<b>«Ата-аналарға қамқорлық жасау»</b> Ойын мақсат-міндеттер: елгезектікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Балалар бірнеше қадам қашықтықта педагогке қарама-қарсы тұрады. Педагог кезекпен	

	<p>Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсак моторикасын дамыту. <b>(математика негіздері, күрастыру)</b></p>	<p>эмоцияларды дамыту. Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу) Оюды саламыз: Бұлақ, (Колдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау) Дөңгелек, (Шенбер салу) Ирек, (Толқындар жасау) Қанат, (Қос қолмен бұлғау) Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету) Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау) Д. Ахметова. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>матрешканың ішіне салу, матрешканың жоғарғы және төменгі жартысын үлкен-кішілігі және өрнектері бойынша салыстыру. Ойынның мазмұны. Тәрбиеші балаларға мынадай жұмбақ айтады: Бойы әр түрлі, жұмбағымды тыңдашы, Өзара ұқсас жүзі менен сымбатты. Бір-біріне сыйып кеткен көрінбей, Жиналғанда бір ойыншық сияқты. Ойынды қайталап өткізгенде балалардың ынтасын туғызу үшін матрешка туралы кітаптарды көрсетуге болады. Осыдан кейін матрешканы</p>	<p>балаларға допты лақтырып, мынадай жағдайларда қалай қамқорлық жасауға болатынын сұрайды: - анаң ауырып қалды; - анаң жұмыстан шаршап келді; - анаңның көңіл-күйі жок; - анаңның шаруасы көп; - әкенінің жұмысында қолайсыздықтар болды. Ата-аналарға қалай көмектесуге болатынын ойлап тапқан бала алға бір қадам жасайды, бірінші болып тәрбиешіге жеткен бала жеңімпаз болады. Ойын соында педагог балалардан өмірлік жағдайда өздері</p>
--	--	--	--	--

		<p>бөлшектеп, оның жоғарғы және төменгі бөлігіне балалардың назарын аударады, оларды салыстырады, соңынан қайтадан құрастырады.</p> <p>Тәрбиеші матрешкалардың ең үлкенінен кішісіне қарай орналасу тәртібін көрсетеді.</p> <p>Балалар бір матрешканы екіншісінің ішіне салып, оның қайсысы үлкен екенің анықтайды. Егер бала матрешканың өз бөліктерін үлкен-кішілігі бойынша тауып, оларды бойларына қарай қоя білсе, тапсырма дұрыс орындалған болып есептеледі.</p>	<p>айтқандай әрекет етуді айтады. <b>(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</b></p>
--	--	---	--

			Ойын бір- екі рет қайталаңады. Матрешканы бөлшектеп құрастыруда қателеспеген бала жеңімпаз аталады. <b>(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</b>		
Таңертенгі жаттығу	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (доптен).</b></p> <p>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.</p> <p>1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталаңады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.</p> <p>2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, допты қояды.</p> <p>2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталаңады).</p> <p>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.</p> <p>3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталаңады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.</p> <p>4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталаңады).</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>				
Таңғы ас	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртууді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол</p>				

	<p>орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тاماқтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; наңды үгітпеу, тاماқты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p>Ойын жаттығуы:</p> <p>Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетінді жу.</p> <p><i>Көркем сөз.</i></p> <p>Қасықтарымыз біздін, Таңқалдырап барлығын!</p> <p>Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды.</p> <p>Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас!</p> <p>Осы сөздерден кейін балалар таңғы ас ішуді бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындаپ, дұрыс отыруын сұрау.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<p><b>«Көңіл-күйді анықтау»</b> Ойынның мақсат-міндеттер: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу. Педагог балаларға айналасындағы</p>	<p>Көктем мезгілі, табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу.</p> <p><b>(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b></p>	<p><b>«Сыпайы өтініш»</b> Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды мейірімділікке, зейінділікке тәрбиелеу.</p> <p>Балалар шеңберге тұрады. Педагог түрлі бүйректар береді, мысалы,</p>	<p><b>Шаттық шеңбері</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен үйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты</p>	<p><b>Шаттық шеңбері</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен үйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты</p>

<p>адамдарға көніл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір- бірінің көзіне, бет- әлпетіне қарап, көніл-куйді аныктауды ұсынады. Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды. Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, әр түрлі эмоцияларды ұнсіз жеткізуге тырысындар: «Мен көнілсізбін, маган көмектес! Мен көнілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады. Балалар тапсырманы жүппен орындаиды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның</p>	<p>қолды жоғары көтер, қолынды шапалақта, көзінді жұм және т.б., бірақ «мархабат» сөзі айтылған өтініштерді ғана орындау керек. <b>(әлеуметтік- эмоционалды дағдылар)</b></p>	<p>қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Армысыз, қайырымды Аспан ата! Армысыз, мейрімді Жер - Ана! Армысыз, шұғылалы Алтын - Күн! Куан, шаттан алақай! <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қайырлы таң балалар! Жарқырады қаламыз, Жайтай түсті даламыз, Қайырлы таң балалар! Аман Отан панамыз, Аман ата-анамыз, Қайырлы таң балалар! <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>
---	---	---	--

	берілгенін және қабылдағанын талқылайды. <b>(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</b>				
<b>Білім беру үйымының кестесі бойынша үйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Дене шынықтыру</b> "Қарлығаштай қайратты". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; қигаш тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйеніп, төрт тағандап өрмелей және бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен тұсу жаттығуларын жасаудың дағдыларын дамыту.	<b>Дене шынықтыру</b> "Қайратты боламыз". Мақсат-міндеттер. Балаларда бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту; тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйеніп, төрт тағандап өрмелей және бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен тұсу жаттығуларын жасаудың дағдыларын дамыту.	<b>Музыка</b> "Аялайық, аналарды бәріміз!" Мақсат-міндеттер. Балаларда ана туралы әннің сипатын ажыратада білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажыратада білу қабілетін жетілдіру; музикадағы ырғакты сезіне білу қабілетін дамыту; музика эуенімен ырғакты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау	<b>Дене шынықтыру</b> "Биік секіреміз". Мақсат-міндеттер. Балаларда бір-бірден, шенберге қайта тұру, саптағы өз орнын табу; екі аяқпен секіру дағдыларын дамыту; еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеуге үйрету; дене жаттығуларына қызығушылықтарын дамыту.	<b>Қазақ тілі</b> «Жыл құстары» Көктемге тән белгілердің қазақ тіліндегі атауларын таныстыруды жалғастыру (кар ериді, ағын сулар агады, құстар ұшып келеді, күн жиі жарқырайды). Балалардың үйымындағы құстар және олардың көктемдегі тіршілігі туралы білімдерін бекіту (құстар ұя салады, балапан басып шығарады). Сыртқы түрінің ерекшеліктері туралы

			<p>дағдысын дамыту; әуенниң ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білуге жаттықтыру. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оку қызметінде қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру.</p>		<p>білімдерін көнегіту (қауырсын, қанаттар, құйрық, екі аяқ, түмсық, құстарға тән қимыл-әрекеттер).</p>
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, үқыптылыққа, киіміндегі олқылылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
Серуен	<p><b>Сұңгі мұздарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттер: балаларды судың қасиеттерімен, оның</p>	<p><b>Қарды бақылау.</b> (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: көктем туралы түсініктерін көнегіту,</p>	<p><b>Жинағыш көліктерді бақылау.</b> (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: көліктердің еңбекті</p>	<p><b>Жүргізушінің жұмысын бақылау.</b> (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: жүргізушінің</p>	<p><b>Балабақша алаңында құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттер:</p>

әртүрлі күйлерімен таныстыруды жалғастыру.	қардың қасиеттерін талдау, қарды бақылауды	қажет ететін жұмыстарды	жұмысымен, көлік бөлшектерінің атауларымен	құстарды түстері, көлемі, дауысы арқылы тануға және ажыратуға үйрету;
<b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (жолдардағы мұз бен карды тазарту).	жалғастыру, қардың түсін (сұр, лас) қыскы түсімен салыстыру.	олардың құрылымының ерекшеліктері туралы білімдерін көңейту;	орындаудағы рөлі, тансуды жалғастыру; ересектердің еңбегін құрметтеуге	атауларымен тансуды жалғастыру; ересектердің еңбегін құрметтеуге
Мақсат-міндеттер: күректермен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; тәуелсіздікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	<b>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (учаскеде қоқыс жинау). <b>(еңбек дағдылары)</b>	табу қабілеттерін шоғырландыру; технологияға деген қызығушылықты, үлкендердің еңбегін құрметтеуге	бойынша көліктердің бейнесін шоғырланыру; технологияға деген қызығушылықты, үлкендердің еңбегін құрметтеуге	бейнесін тәрбиелеу.
Кімбал-қозғалыс ойындары: "Қыстайтын құстар". (дене шынықтыру)	Мақсат-міндеттер: істеу дағдыларын дамыту.	істеу дағдыларын дамыту.	<b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (балабақша аумағын қоқыстардан тазарту.) <b>(еңбек дағдылары)</b>	дамыту. Мақсат-міндеттер: тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру.
Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге, секіру кезінде жаттығуға, бір қимылдан екінші қимылға ауыса білуге үйрету.	"Пойыз", "Маган қарай жүгіріндер" (2-3 ойнатылады). (дене шынықтыру) Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: допты	"Маган қарай жүгіріндер" (2-3 ойнатылады). (дене шынықтыру) Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: допты	жапырақтарды, бұтақтарды жинау, оларды зембілге салу). <b>(еңбек дағдылары)</b>	жапырақтарды, бұтақтарды жинау, оларды зембілге салу). <b>(еңбек дағдылары)</b>
			Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке	Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке

	<p><b>Өзіндік еркін ойын</b>  <b>әрекеттері,</b>  <b>қозғалыстарды</b>  <b>дамыту:</b> "Жол          бойымен". (dene          шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер:          зейінді, қимылдарды          үйлестіруді дамыту.</p>	<p>лақтыру және ұстай,          ептілікті дамыту,          күш тастау,          салауатты өмір          салтын          қалыптастыру.</p>	<p>дағдыландыру; топта          жұмыс істеуге,          басталған жұмысты          соңына дейін          жеткізуге деген          құштарлықты ояту.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс</b>  <b>ойындары:</b> "Кім ен          дәл?", "Ұстап ал".          (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер:          ашық ойындарды          үйледастыруды          дербестікті,          ұқыптылықты,          ептілікті, ережелерді          сақтай білуді дамыту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын</b>  <b>әрекеттері,</b>  <b>қозғалыстарды</b>  <b>дамыту.</b> (dene          шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер:          жағалыққа жорғалап,          жорғалай білу          қабілетін бекіту.</p>	<p>кеңістікті          бағдарлауды дамыту;          ойынды          үйледастыруды          тәуелсіздікке          тәрбиелеу.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын</b>  <b>әрекеттері,</b>  <b>қозғалыстарды</b>  <b>дамыту.</b> (dene          шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер:          кеңістіктегі          бағдарды, тепе-          тендік сезімін          жақсарту.</p>	<p>педагогтің белгісі          бойынша, кез-келген          бағытта бір-біріне          соқтығыспай жүгіру;          түстерді ажырату.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын</b>  <b>әрекеттері, орыннан</b>  <b>жоғары секіру.</b> (dene          шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер:          секіру қабілетін,          жылдамдықпен күш          біріктіре отырып,          dene бұлшық          еттерінің құштерін          шоғырландыру          қабілетін дамыту.</p>
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алады, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуда машиқтандыру.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Түскі ас	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртууді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; наңды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p>Ойын жаттығуы:</p> <p>Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетінді жу. <i>Көркем сөз.</i> Қасықтарымыз біздін, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырmas! Осы сөздерден кейін балалар таңғы ас ішуді бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындаپ, дұрыс отыруын сұрау.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>
Құндізгі үйқы	Балалардың тыныш үйықтауына жайлы жағдай туғызу.
Бірте-бірте тұргызу, сауықтыру шаралары	<p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.</p> <p>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.</p> <p>Алақанға арналған "Кірпі" жаттығуы; тікенек допты алақанға салып айналдыру.</p> <p><b>(дene шынықтыру)</b></p>

<b>Бесін ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуга бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)</b>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Көктем сыйлаған көйлек".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды мерекелі көйлек сұлбасының ортасында және тәменгі жағындағы жолақты қарапайым ою элементтерімен безендіруге үйрету.</p> <p><b>Дидактикалық ойын "Суретші қай жерден қателесті?"</b> Мақсат-міндеттер: баланың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алуға үйрету. Барысы: педагог суретшінің "Көктем" тақырыбына сурет</p>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Қарлығаш туралы тақпақ жаттау".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды жыл құзы қарлығаш туралы көркем сөзben таныстыру, қарлығаштың тіршілігі жөнінде мағлұматтар беру.</p> <p><b>Коршаган ортамен танысадан ойын-жаттығу</b> "Көктеммен бірге құс келді".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың құстарды бақылай отырып, оның ерекше белгілері мен қасиетін қабылдау</p>	<p><b>Коршаган ортамен танысадан ойын-жаттығу</b> "Торғай".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың торғай туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, оның өмір сүру тіршілігімен таныстыру;</p> <p>торгайдың белгілері мен ерекшеліктері (сыртқы бейнесі, тамақтануы, түсі, көлемі және қытайтын құзы), түрлері жайлы түсінік беру;</p> <p>көктемнің жаршысы құстар туралы білімдерін кеңейту.</p> <p><b>Ұлттық ойын.</b></p> <p><b>Білекtesу.</b></p>	<p><b>Вариатив компонент/Шығарма шылық «Қоянның жаңа тоны»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға қоян туралы тақпақ жаттатып, қоянның суретін көрсету арқылы жапсыру әдісі арқылы жасау.</p> <p>Жапсыру әдістәсілдерін үйрету.</p> <p><b>Музықадан ойын-жаттығу</b> "Анашым, анаjanым".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды ана туралы әннің сипатын ажыраты білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; тәмен және жоғары</p>	<p><b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> <b>"Көктемгі сыйлықтар".</b> Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың геометриялық пішіндер жөніндегі білімін тиянақтау, "саны қанша, сонша", "бірдей", "саны тең" үғымдарын түсінуін пысықтау; көктем мезгіліндегі құстардың тіршілігі жөніндегі түсінігінің аясын кеңейту, аналар мерекесіне сыйлық дайындау әдебімен таныстыру.</p> <p><b>"Жапалақ"</b> қимылды ойыны. Ойыншылар ішінен</p>

	<p>салғанын айтады. Бала оның бәрін дұрыс салғандығын тексеруді сұрайды.</p> <p><b>Бала көктем мезгілінде болмайтын көріністерді тауып, оның қай мезгілде болатынын айтады.</b></p> <p><b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>	<p>барысында танымдық-зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту.</p>	<p>Бір столдың шетіне қарама-қарсы отырған екі бала он қолдарының шынтағын столға тіреп қояды да, бірінің қолын бірі алақандастыра мықтап ұстайды. Сол жақтағы қолдарын әркім өзінің оң жақ қолтығына тығып алады. Осылай ұстасып алған екі палуан бала, ойын бастаушы команда берісімен, шынтақтарын сол орнынан қозғамай, қарсыласының тіреулі қолын шалқасынан түсіруге ұмтылады. Білегі тайып жантайған бала женіледі. Бұл білек күшінің жетілуіне көмектеседі.</p>	<p>дыбыстарды ажыратады білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғакты сезіне білу қабілетін дамыту; музика әуенімен ырғакты кимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын дамыту; әуенің ырғағына ілесе отырып, музикалық аспапта шығарманы ойнай білуге жаттықтыру.</p> <p>Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу;</p> <p>эстетикалық талғамын, оқу қызметінде қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруды пысықтау.</p>	<p>жапалақ таңдалады. Басқа балалар құстар, қоңыздар, көбелектер болады. Жапалақ тогайға (гимнастикалық қабырғаның бірнеше сатысына ) шығады, ал қалған балалар «қанаттарын қағып», «ұша» бастайды.</p> <p>Педагог «Тұн» деп айтқан кезде, құстар мен жәндіктер өз орындарында қозғалмай тұрып қалады. Қозғалып қойған ойыншыны жапалақ үйіне алып кетеді. Педагог «Күн» деп айтады, осы кезде жапалақ қайтадан тоғайға шығады. Ойын бірнеше рет қайталанғаннан кейін басқа жапалақ таңдалады және ойын</p>
--	---	---	---	---	---

			(дене шынықтыру)		әрі қарай жалғасады. (дене шынықтыру)
Балалармен жеке жұмыс	"Көктем" тақырыбында әңгімелесу (илюстрацияларды қарастыру). Мақсат-міндеттер: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	"Көктем" тақпағын жаттау. Көктем қырға төрледі, Төрт тулік мал төлдеді. Бәйшешектер күлпірып, Деп тұрғандай: «Көр мені!» Жылы мезгіл жетіпті, Таstadtық біз етікті. Қар көктемге жеткізбей, Тауға шығып кетіпті! <b>К.Ыбырайұлы (көркем әдебиет)</b>	Жыл мезгілі жайлыш сұрақтар. Мақсат-міндеттер: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b>	"Сиқырлы қылқалам". Мақсат-міндеттер. Дайын суреттерді бояу. <b>(сурет салу)</b>	Жаңылтпаштар айтқызы. Бір ақ шымшық, Екі ақ шымшық. Үш ақ шымшық, Төрт ақ шымшық. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.				
Серуен	Тұсқі серуендеңі бақылауды жалғастыру. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алушы, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машиқтандыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
Балалардың дербес	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту,				

<p><b>әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарап және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (<b>коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет</b>) Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттыгулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (көктем мезгілі, аяу райы, көктем мерекелері, наурыз мерекесі, салт-дәстүр) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байту.</p> <p>Таныс ертеғілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуда баулу. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.</p> <p>Қоршаған ортадағы құнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөле», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айтуда және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауда баулу.</p> <p><b>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айтуда, әнді бірге бастап, бірге аяқтауда. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Музыканы эмоционалды көніл-күймен қабылдауда баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.</p> <p><b>(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Қазақ халқының әшекей бүйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бүйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіруду. Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіруду. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Ұжымдық құрылыш жасауда баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыш бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бүйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылышпен бірге ойнату.</p> <p>Табиғат бүрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (<b>зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті</b>)</p>
---	---

	<p>Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. (<b>танымдық дағдылар, математика негіздері</b>)</p> <p>Балаларды геометриялық фигуralармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыту, ұстau және көру тәсілдері арқылы аталған фигуralарды зерттеуге мүмкіндік беру.</p>				
<b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</b>	<p>"Отбасындағы мерекелерді өткізу дәстүрлері" тақырыбына әнгімелесу.</p>	<p>"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудың отбасының рөлі" тақырыбына әнгімелесу.</p>	<p>Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.</p>	<p>Жаднама: "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?"</p>	<p>Ата-аналарға кеңес. "Демалысты қалай өнімді өткізуге болады?"</p>

Тексерген: Оразгалиева Г.Б.